

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА БОЛДЫ



Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Түркістан облысына барды. Алдымен республикалық мәртебе алған Шымкент қаласында болған Қазақстан басшысы одан соң Түркістан облысының орталығында болды.

Түркістан қаласында Қожа Ахмет Яссауи кесенесін зиярат еткен Қазақстан Президенті, Түркістан қаласының әкімшілік орталығын дамыту жоспарымен танысты. Содан соң Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Кеңесте Премьер-Министрдің бірінші орынбасары А.Мамин және Түркістан облысының әкімі Ж.Түймебаев баяндама жасады.

Баяндамаларды тыңдаған соң Қазақстан Президенті қабылданған жол картасын сапалы әрі уақтылы жүзеге асыру, сондай-ақ облыстық басқару органдары тарапынан барлық мемлекеттік қызметтердің үздіксіз көрсетілуін қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

Нұрсұлтан Назарбаев өңір басшылығы назар аударуға тиіс жекелеген мәселелерге тоқталды.

– Облыстың қаржылық тұрақтылығын нығайту қажет. Шымкенттің облыс құрамынан шығуына байланысты аймақтың экономикалық базасы төмендеді.

Бүгінгі таңда облыс бюджет қажеттіліктерінің 20 процентін ғана өз күшімен қамтамасыз етеді. Негізгі міндет – өсімнің жаңа резервтерін және өңір бюджетінің кіріс бөлігін толықтыру көзін табу, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті халықты жұмыспен қамтудың, сондай-ақ кәсіпкерлікті өркендету, ауыл шаруашылығын дамыту және көлік-логистика қызметтерінің сапасын арттыру үшін жағдай жасаудың маңыздылығын атап өтті.

– «Орталық Азия» халықаралық сауда аймағын құру мүмкіндігін қарастырған жөн. Бұл Түркістан облысымен қатар жалпы республика экономикасының да өркендеуіне тың серпін береді. 2020 жылға қарай Өзбекстанмен арадағы тауар айналымын 5 миллиард АҚШ долларына дейін арттыруға әлеуетіміз жетеді. Осыған байланысты Үкіметке Түркістан облысының әкімдігімен бірлесіп, Өзбекстан тарапымен Халықаралық сауда аймағын және жаңа «Түркістан» халықаралық өткізу бекетін құру мәселесін пысықтауды тапсырамын, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы ішкі туризмді өркендету және тиісті туристік инфрақұрылым дайындау мәселелеріне тоқталды.

Жиында Қазақстан Президенті Үкімет пен аймақ басшылығына облыс орталығын одан әрі дамыту жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

– Шаһар тұрғындары санының өсуіне және туристердің көптеп келуіне байланысты, әкімдікке «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорымен, Инвестициялар және даму министрлігімен бірлесіп, Түркістан қаласының теміржол вокзалын реконструкциялау, оның өткізу мүмкіндігін ұлғайту, сондай-ақ аэропорт салу және әуе қатынастарын қамтамасыз ету мәселелерін қарастыруды тапсырамын, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев Түркістанда туризм, құрылыс және өндіріс салаларындағы бизнесті өркендету үшін қолайлы жағдай қалыптастыратын арнайы экономикалық аймақ құрудың өзектілігін атап өтті.

– Түркістанды заманауи технологияларды қолдана отырып, өз мәдениетімізге сай қайта жаңғырту керек. Бұл орайда оның ежелгі сәулет өнерін сақтап қалу қажет. Үкіметке, облыс әкімдігіне халық санының өсу қарқынын есепке ала отырып, қаланың бас жоспарын дайындауды тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Соңында Қазақстан Президенті Түркістанды дамытудың бас жоспарының тұжырымдамасын бекіту, сондай-ақ «TURKISTAN» арнайы экономикалық аймағын құру туралы жарлықтарға жария түрде қол қойды.

ӘЗЕРБАЙЖАНДА ADEX-2018 ӘСКЕРИ КӨРМЕСІ ӨТТІ



25 қыркүйекте Әзербайжан астанасы Бакудегі Экспо орталықта үшінші Әзербайжандық халықаралық ADEX 2018 қорғаныс көрмесі жұмысын бастады. Заманауи әскери техника мен қару-жарақтарды таныстырған көрме 27 қыркүйекке дейін жалғасты. Көрмені ұйымдастыруға Әзербайжан Республикасы Қорғаныс өнеркәсібі министрлігі мұрындық болып, оған елдің Қорғаныс министрлігі қолдау көрсеткен. Ал халықаралық көрмені тікелей Caspian Event Organisers компаниясы ұйымдастырған.

Көрмеге келген Әзербайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиев бірқатар стендтер мен ашық көрме алаңдарын аралап, әскери-техникалық кешеннің заманауи кәсіпорындары жетекшілерімен пікірлесті.

Биыл үшінші рет ұйымдастырылған көрмеге 29 мемлекеттің 224 компаниясы, 23 елдің 34 ресми делегациясы қатысты. Көрмеде Әзербайжан, Түркия, Ресей, Қытай, Израиль, Иран, Беларусь, Сербия, Украина, Пәкістан, Франция қатарлы елдердің компаниялары мемлекеттік топ ретінде өнімдерін таныстырған. Әзербайжан тарапынан көрмеде Қорғаныс өнеркәсібі министрлігі мен оған қарасты зауыттар, кәсіпорындар белсенділік танытты. Көрмеде әуе қорғанысы және зымыранға қарсы қорғаныс жүйелері, әскери кеме жасау, қару-жарақ жасау және оларды модернизациялау, әскери-ғылыми зерттеу, пилотсыз ұшатын аппараттар жүйесі, робототехникалық кешендер, оқ-дәрі, амуниция, демилитиризация жүйелері, зымыран және артиллериялық қарулар, оптико-электронды және лазерлі техника, бронды техника, сүңгуір қайықтар, әскери-теңіз

күштерінің киберқауіпсіздігі және басқа да бағыттар бойынша өнімдер таныстырылды. Сонымен қатар әскери-авиация кешенінің ірі өндірушілері, атап айтқанда «МиГ», TUSAŞ, «Leonardo», ОАК, «Мотор Сич», «Российские вертолеты», «Aeronautics Group» тәрізді корпорациялар да көрмеге қатысты.

ӨЗБЕКСТАН МЕН ҮНДІСТАН 3 МЛРД ДОЛЛАРЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ



Өзбекстан мен Үндістан жалпы сомасы 3 млрд АҚШ доллары болатын 50 инвестициялық жобаны жүзеге асыратын болды. Бұл туралы Өзбекстанның инвестиция бойынша мемлекеттік комитетінің баспасөз қызметі хабарлады.

Тараптар 28 қыркүйекте Делиде өткен үнді-өзбек бизнес-форумында осындай келісімге келіпті. Екі мемлекет фармацевтика және денсаулық сақтау, туризм, соның ішінде медициналық туризм, ақпараттық-коммуникациялық технология, ауыл шаруашылығы, минералдық ресурстарды, соның ішінде уран, түсті және сирек металдарды өндіру және өңдеу бағыттарында ынтымақтаспаққа бекінген. Одан бөлек қолжетімді баспана құрылысы мен инфрақұрылым бойынша да бірлесе жұмыс атқармақ.

Сонымен қатар, бизнес-форумда Өзбекстан сауда-өнеркәсіп палатасы мен Үндістан өнеркәсіп конфедерациясы арасында Өзбекстан мен Үндістан іскерлері кеңесін құру туралы келісім жасалды.

Бүгінде Өзбекстан Үндістанға металл, жібек, тыңайтқыштар мен сықпа майлар, бұршақ тұқымдастар өнімін экспорттаса, Үндістан Өзбекстанға фармацевтикалық өнімдер, қара металл, түрлі қондырғылар, автокөлік бөлшектерін сатады. Қазіргі таңда Өзбекстанда үнді капиталы тартылған 145 кәсіпорын бар. Олардың 21-і толық үнді капиталына

құрылған. Өзбекстан мен Үндістанның тауар айналымы 2017 жылы 323,6 миллион долларды құрады.

ТҮРКІМЕНСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ӘЛЕМДІК ҚАУЫМДАСТЫҚТЫ АРАЛ МӘСЕЛЕСІНЕ НАЗАР АУДАРУҒА ШАҚЫРДЫ



Нью-Йорк қаласында өткен БҰҰ Бас ассамблеясының 73 сессиясына қатысқан Түркіменстан Президенті Гұрбанғұлы Бердімұхамедов әлемдік қауымдастықты Арал теңізі бассейні үшін жасалған арнайы бағдарламаны қолдауға шақырды. Түркіменстан әзірлеген БҰҰ-ның Арал жөніндегі арнайы бағдарламасы аталған теңіздің мәселелерін БҰҰ қызметінің жеке бағыты ретінде қарастыру мақсатын көздейді. Сол себепті Түркіменстан Президенті БҰҰ-ға мүше елдерден бұл бағдарламаны қолдауды сұрады.

Бас ассамблеяның сессиясында сөйлеген сөзінде Гұрбанғұлы Бердімұхамедов Арал теңізін сақтап қалу енді тек аймақтық мәселе болып қалмайтынын айтты. Сондықтан, Арал дағдарысын шешу үшін кешенді халықаралық көзқарас пен БҰҰ-ның жүйелі араласуы қажет. Түркіменстан Президенті судың Жер шарындағы барлық адамға ортақ игілік екенін, сондықтан таза ауыз суға тең әрі әділ түрде қол жеткізу адам құқының іргелі салаларының бірі екендігін айтқан. Сондықтан, өңірдегі су-энергетикалық мәселені шешу үшін үш бағытта жұмыс істелуі қажет екендігін алға тартып отыр. Атап айтқанда, бұл жұмыстар ең алдымен халықаралық құқық нормалары шеңберінде, содан соң аймақ елдерінің мүдделерін ескере отырып, үшіншіден БҰҰ және өзге халықаралық ұйымдардың белсене араласуымен жүзеге асырылуы қажет. Арал мәселесін шешуде де осы принцип сақталғаны дұрыс деген пікір білдірді Түркіменстан Президенті.

ТҮРКИЯ ПРЕЗИДЕНТІ РЕЖЕП ТАЙЫП ЕРДОҒАН РЕСМИ САПАРМЕН ГЕРМАНИЯҒА БАРДЫ



Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоған Германия федералдық Президенті Франк-Вальтер Штайнмайердің шақыруымен Германияға мемлекеттік сапар жасады. Түркия Президентінің Берлинге ресми сапары Түркиядағы президенттік сайлаудан кейінгі алғашқы іссапар болып отыр.

Бельвю сарайында Германия Президенті Франк-Валтер Штайнмайермен жүздескен Режеп Тайып Ердоған одан соң канцлер Ангела Меркелмен кездесті. Канцлермен кездесу барысында тараптар біраз уақыттан бері тоқтап қалған екіжақты ынтымақтастық механизмдерін қайта іске қосу туралы келісімге келді.

Ресми кездесулерден кейінгі баспасөз мәслихатында Режеп Тайып Ердоған алдағы қазан айында Германия экономика және энергетика министрі Петер Альтмайер бастаған көлемді делегацияның Түркияға ресми сапармен келетінін атап өтті. Сонымен қатар, Түркия Президенті ресми Анкараның қысқа мерзім ішінде Еуропалық Одақпен визалық режимді либерализациялау бойынша әлі орындалмаған алты критериді іске асыратынын айтты. «Визалық режимді либерализациялау, Кедендік одақты жаңғырту, Түркияның еуроинтеграция бойынша келіссөздерін белсенді жүргізу Анкараның да, Брюсселдің де мүддесі саналады», - деді Түркия Президенті. Түркия басшысы Германияның ресми Анкара мен Еуропаның интеграциялық процестерінде кейбір бұра тартушыларды тежеп отырғанына разы екендігін айтты. Өз кезегінде Ангела Меркель Сирия мәселесі бойынша қазан айында өтетін төртжақты саммитке даярлық жасалып жатқанын, оған Германия канцлері, Түркия, Ресей және Франция Президенттері қатысатынын айтты.

Меркель Анкара мен Берлин арасындағы даулы мәселелермен қатар Түркия Президентімен екі елдің мүдделеріне сәйкес келетін мәселелерді де

талқылағанын атап өтті. Германия канцлері Анкараның босқындар мәселесіндегі қадамына жоғары баға беріп, Түркияның үш миллионнан астам босқынды қабылдағанын айырықша атап өтті.